

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

«БЕКІТЕМІН»
Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институтының
ректоры
Қ. М. Баймырзаев
«30» ноябрь 2013 г.



Оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы (Syllabus) туралы

ЕРЕЖЕ

Р ҚМПИ 25

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілді	Келісілді
	Р ҚМПИ 25	төртінші	Кифик Н. Ю.	Төлеген М.Ә.	Жумекенова С.Е.

Қостанай, 2013 жыл

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 30.09.2013ж.	Төртінші басылым
Оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы (Syllabus) туралы ереже	Р ҚМПИ 25	Беті: 2

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Оқу пәнінің жұмыс бағдарламасының (Syllabus) негізі оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы мен пәннің оқу-әдістемелік кешені (әрі қарай - ПОӘК) болып табылады.

1.2. Syllabus дайындауға аса тыңғылықтылық таныту қажет, өйткені ол студенттердің пәнді оқу барысында басшылыққа алатын ең негізгі дереккөзі. Онда студенттерді курстың мазмұнымен, өзектілігімен және қажеттілігімен, курстың саясатымен, оқу барысында студенттер меңгеруге тиісті дағдылар мен әдістермен таныстырылады.

2. СИЛЛАБУС ДАЙЫНДАУДА ҚАЖЕТТІ ТАЛАПТАР

2.1 Syllabus құрылымында келесі компоненттер болуы тиіс:

- Курстың атауы, нөмірі (коды) және кредиттердің саны;
- Оқытушының А.Ж.Т., байланыс мәліметтері;
- Курстың қысқаша сипаттамасы (кіріспе);
- Пәннің пререквизиттері мен постреквизиттері;
- Тақырыптық жоспар;
- Пәннің мазмұны;
- Студенттердің білімін бақылаудың түрлері;
- Курстың академиялық мінез-құлық және әдептілік саясаты;
- Аралық бақылау мен қорытынды бақылаудың сұрақтары;
- Пәнді оқытуға арналған әдебиеттер тізімі.

2.2 Курстың атауы, нөмірі (коды) және кредиттердің саны оқу жұмыс жоспарында көрсетіледі.

Оқытушының А.Ж.Т.	Сабақты өткізудің уақыты мен орны		Байланыс телефоны
	Дәрістер	СОӨЖ	e-mail

2.3. Курстың қысқаша сипаттамасы (кіріспе)

Кіріспе оқытылатын пәннің мақсаттары мен міндеттерінің сипаттамасын қамтиды. Пәнді оқытудың мақсаты оқытылатын пәннің сипаттамасы мен пәннің осы саладағы мамандарды дайындаудағы алатын орны арқылы беріледі. Пәнді оқытудың міндеттері болашақ маманның біліктілігімен анықталады және студент меңгеруге тиіс білімдерге, дағдылар мен әдістерге қойылатын талаптар ретінде жасалады. Егер білім студенттің теориялық дайындығын білдіретін болса, дағдылар мен әдістер материалдық объектілермен практикалық іс-әрекеттер жасауға деген қабілеттіліктерін көрсетеді. Студенттің бойындағы дағдылар мен әдістер арнайы білімдер мен тәжірибенің негізінде қалыптасады. Дағдылар студенттердің көптеген қайталаулары нәтижесінде үйреншікті істеріне айналдырылуы тиіс.

2.4. Пәннің пререквизиттері мен постреквизиттері осы пәнді оқуға дейінгі және кейінгі меңгерілуге тиіс міндетті пәндерді білдіреді. Бұл арада басқа пәндермен байланысты анықтау қажет. Курстарды игерудегі кезектілік пен сабақтастықты көрсету қажет. Курсты игеру нәтижесінде студенттің нені біліп, үйреніп шығатынын жазу өте маңызды.

2.5. Тақырыптық жоспар

Тақырыптық жоспарда пән бойынша оқу үдерісін ұйымдастыруға байланысты ақпараттар орын алуы тиіс: әрбір сабақтың (дәрістер, практикалық, зертханалық сабақтардың) атауы, сағаттар саны, студенттің оқытушының жетекшілігімен жүргізетін өздік жұмысы (әрі қарай-СОӨЖ), студенттің өздік жұмысы (әрі қарай-СӨЖ). Пәннің мазмұны модульдік құрылымдық жүйеге немесе дәстүрлі түрде жекелеген тақырыптарға бөлінуі

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 30.09.2013ж.	Төртінші басылым
	Оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы (Syllabus) туралы ереже	Р ҚМПИ 25	Беті: 3

мүмкін. Тақырыптық жоспар оқу түрін (күндізгі, сырттай, қысқартылған түрлерін) ескере отырып жасалуы мүмкін. Ол келесі кесте түрінде ресімделуі мүмкін:

№р/н	Тақырып атауы	Сағаттар саны			
		дәрістер	семинарлар	СОӨЖ	СӨЖ

2.6. Мазмұны:

Бұл бөлімде болашақ қызметте практика түрінде қолдану және меңгеру үшін міндетті пәннің өзекті мәселелері, базалық ережелері, дағдылары мен түсініктерін қамтитын оқу материалының (оқу сабақтарының барлық түрлері бойынша) қысқа мазмұны ашылады.

Дәрістің мазмұны (оқытушының еркі бойынша) тақырыптарды, оның қысқаша мазмұнын немесе онда қаралатын негізгі сұрақтарды қамтуы қажет.

Семинар және практикалық сабақтардың мазмұнында сабақтың осы түрі бойынша қарастырылатын тақырыптардың атаулары, семинарда қарастырылатын нақты сұрақтар мен сабақта орындалатын практикалық тапсырмалардың шамамен саны мен деңгейі көрсетіледі, бағдарламаның соңында тізімі берілетін әдебиеттерге сілтемелер жасалады.

Егер сабақтың мазмұны тиісті түсіндірмелер берілетін тақырыптан анық болып тұрса, онда құрастырушы-авторлардың еркі бойынша тек тақырыптарды көрсетумен шектелуге болады.

Зертханалық сабақтар бойынша тақырыптардың тізімін ғана көрсету жеткілікті болып табылады.

СӨЖ бойынша тапсырмалар дәрісханалық сабақтарда қарастырылмайтын студенттердің өздері жеке оқуы үшін берілетін жекелеген сұрақтарды және осы тапсырмаларды орындау үшін қажетті әдебиеттердің тізімі немесе бағдарламаның соңында жалпы тізімі берілетін әдебиеттерге сілтемелерді қамтуы тиіс.

Осы орайда студенттердің уақыт бюджетін қатаң ескеру қажет. СӨЖ тапсырмаларын орындау үшін берілетін уақыт, дәрісханалық сабақтарға дайындалуға қажетті уақытты қоса алғанда жиынтығында пән бойынша СӨЖ жоспарланған сағаттар санымен сәйкес келуі және ол бағдарламаның алғашқы бетінде көрсетілуі тиіс.

2.7. Сабақтарға дайындалу үшін материалдарды игерудің кестесі студентке берілетін тапсырмалардың тізімін, студенттердің өздік жұмысының түрлері мен мазмұнын, оларды орындау үшін қажетті ұсыныстарды қамтиды. Syllabus-тың осы бөлімі толық және студенттердің сабаққа дайындалуы барысында басшылыққа алуы міндетті ережелерді егжей-тегжейлі қарастыруы қажет. Студенттің тапсырмалары тізімінде келесілер болуы тиіс:

- СОӨЖ тақырыптары;
- СӨЖ тапсырмалары;
- тапсырмалардың мақсаты мен мазмұны;
- ұсынылатын әдебиеттердің тізімі;
- бақылау түрі;
- тапсыру уақыты;

СОӨЖ-ға енгізілген тапсырмалар жоспарланған сағат санына(15) сай болуы керек. Студент барлық жоспарланған тапсырмаларға баға алуы керек. Жалпы алғанда (100% пайыздың 40% пайызын)

2.8. Студенттердің білімін бақылаудың түрлері:

Қандай да бір пән бойынша студенттердің үлгерім деңгейін бақылау ағымдағы бақылау түрлерінде жүргізіледі. Бұл дәрістерде, семинарларда (практикалық, зертханалық сабақтарда)

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 30.09.2013ж.	Төртінші басылым
Оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы (Syllabus) туралы ереже	Р ҚМПИ 25	Беті: 4

жүзеге асырылады, қорытындысы бірінші аттестация кезінде 7 аптада және екінші аттестация кезінде 15 аптада шығарылады.

Пән бойынша силлабусты дайындау кезінде келесі мәселелерге назар аудару қажет:

- бақылаудың барлық түрінің бағалануы 100% -дан
- дәріс сабақтарына қатысу 100% -бен бағаланады (0,1 коэффициентіне сәйкес келеді) барлығы 100% -дың 10% -ы
- семинар немесе зертханалық сабаққа қатысқанын (болғаны емес) бағалау өлшемдерді есепке алғанда 50%-ден 100% -ға дейін бағаланады (Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты бақылау түрлері мен бағалау өлшемдері ережесі П- ҚМПИ-84) (семинар сабағына қатысқаны 0,5 коэффициентіне тең) барлығы жалпы 100% дың 50% -ы
- СОӨЖ сабақтарына қатысқанын бағалау өлшемдерді есепке алғанда 50%-дан 100% -ға дейін бағаланады(Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты бақылау түрлері мен бағалау өлшемдері ережесі П- ҚМПИ-84) (СОӨЖ сабағына қатысқаны 0,4 коэффициентіне тең) барлығы жалпы 100% -дың 40% -ы

Ескерту: Пәндердің әртүрлі бөлінуіне байланысты коэффициент өзгереді.

(Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты бақылау түрлері мен бағалау өлшемдері ережесі П- ҚМПИ-84)

Бақылаудың келесі түрі аралық бақылау болып табылады, бұл бақылау емтиханда жүзеге асырылады, аралық бақылаудың түрлері жазбаша немесе шығармашылық емтихан, компьютерлік тестілеу формасындағы емтихан, аралас емтихан, ауызша емтихан болуы мүмкін.

Ағымдағы бақылаудың жоғарғы балының жинағы 100%-ға тең немесе пән бойынша қорытынды рейтингілік 60 балл. Аралық бақылау емтихан өткізілуін қарастырады және студенттердің 100% алуын болжайды немесе жалпы рейтингілік 40 балл

Силлабуста емтиханға дайындалуға қажетті бақылау сұрақтарының тізімі көрсетіледі. Сұрақтар игерілген материалдарды толық қамтуы тиіс. Емтихан билеттерінің саны әрқайсысы үш сұрақты қамтитын 25-тен аз болмауы керек. Емтихан сұрақтары қысқа, нақты, түсінікті болуы қажет. Емтихан билеттері силлабусқа тіркелмейді.

Егер емтихан тест түрінде өткізілетін болса, емтихан болатын пән бойынша тест тапсырмаларының банкін дайындау қажет. Пән бойынша тест тапсырмаларының банкінің көлемі кредиттер саны мен мазмұнының ерекшеліктеріне қарай 300-600 сұрақтарға дейін жетуі мүмкін. Емтихан сұрақтары мен жауаптарын жасау барысында келесі талаптарды ұстану қажет:

-сұрақтардың нақты және анық түзілуі;

-өте ұзын тапсырмалардың және жауаптардың болмауы;

-сұрақтардың тек жабық түрінде болуы;

-әр сұрақтың бір ғана жауабы дұрыс немесе бір жауапта көптеген дұрыс нұсқалар болатын жалпы бес жауабы болуы тиіс.

Тест тапсырмалары оқу сабақтарының барлық мазмұны бойынша жасалуы қажет.

2.9. Студенттердің білімін бағалаудың рейтингтік жүйесі (оқытушының еркі бойынша) кесте түрінде берілуі мүмкін.

№1-ші кесте. Бақылау түрлері бойынша рейтингтік баллдарды бөлу

№	Қорытынды бақылау түрі	Бақылау түрлері	Баллдар
1	емтихан	Қорытынды бақылау	40
		Ағымдағы бақылау	60

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 30.09.2013ж.	Төртінші басылым
	Оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы (Syllabus) туралы ереже	Р ҚМПИ 25	Беті: 5

№2-ші кесте. Бақылау түрлері бойынша рейтингтік баллдарды апталарға сәйкес бөлу

Апталар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Бақылау түрі	Ағ.б	Ағ.б	Ағ.б	Ағ.б	Ағ.б	Ағ.б	Ат	Ағ.б	Ағ.б	Ағ.б	Ағ.б	Ағ.б	Ағ.б	Ағ.б	Ат.
	1	2	3	4	5	6	7		8	9	10	11	12	13	2
Баллдар	50-100 %	50-100 %	50-100 %	50-100 %	50-100 %	50-100 %	Орташа % 30б алл		50-100 %	50-100 %	50-100 %	50-100 %	50-100 %	50-100 %	Орташа % 30б алл

№3-ші кесте. Білімді бағалау шкаласы:

Әріптік жүйе бойынша баға	Баллдардың сандық эквиваленті	%-дық құрамы	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	
I (Incomplete)	-	-	«Пән аяқталмаған» (GPA-да есептелінбейді)
P (Pass)	-	-	«Сынақтан өтті» (GPA-да есептелінбейді)
NP (No Pass)	-	-	«Сынақтан өтпеді» (GPA-да есептелінбейді)

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 30.09.2013ж.	Төртінші басылым
	Оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы (Syllabus) туралы ереже	Р ҚМПИ 25	Беті: 6

W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA-да есептелінбейді)
AW (Academic Withdrawal)			Академиялық себептерге байланысты пәннен шеттету (GPA-да есептелінбейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (GPA-да есептелінбейді)
Att.		30-60 50-100	Аттестациядан өтті
He att.		0-29 0-49	Аттестациядан өтпеді
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқыту

2.10. Академиялық мінез-құлық және әдептілік саясаты

Әрбір оқытушы студенттердің сабақ барысындағы мінез-құлқына, оқытушымен, өзге де студенттер арасындағы қарым-қатынасқа белгілі бір талаптар қояды. Бұл талаптар «Академиялық мінез-құлық және әдептілік саясаты» деп аталып оқу үдерісінің жоғары тиімділігін қамтамасыз етуге жағдай жасайды әрі студенттер үшін міндетті болып табылады. Жоғарыда аталған және төменде көрсетілген студенттің жүріс-тұрысы мен мінез-құлқына қойылатын талаптардың қайсысын силлабустан көрсету қажеттігін оқытушы өзі анықтайды:

- сабаққа кешікпеу;
- сабақ барысында өзгелерге кедергі келтіретін, сабаққа қатысы жоқ сөйлесулерге жол бермеу;
- ұялы телефонды сөндіру;
- сабаққа іскерлік сипаттағы киімдер киіп келу;
- сабақтарды себепсіз қалдырмау, себепті жағдайда дәлелді анықтама әкелу міндеттілігі;
- қалдырылған сабақтарды оқытушы белгілейтін уақытта тапсыру;
- тапсырмаларды орындамаған жағдайда қорытынды баға кемиді;
- оқу үдерісіне белсенді қатысу;
- үй тапсырмаларын уақытылы орындау;
- оқытушылармен, курстастармен жақсы қарым-қатынаста болу;
- жауапкершілікті және пунктуальды болу;
- оқу ғимараттарында шылым тартпау.

2.11. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі екі бөлімнен тұрады – негізгі және қосымша әдебиеттер. Екі бөлімде де жаңа (жыл сайын жаңартылатын) әрі студенттерге қолжетімді әдебиеттер дереккөздері көрсетілуі қажет.

Негізгі әдебиеттер бөлімінде пәннің материалдарының барлық сұрақтарын қамтитын дереккөздердің минималды тізімі көрсетілуі керек.

Негізгі әдебиеттер тізімінде жоғарғы оқу орнының кітапханасының абонементі мен оқу залында бар дереккөздер ескерілуі тиіс. Қосымша әдебиеттер негізгі әдебиеттердің санына қарағанда көптеу болуы мүмкін, бірақ ол да санаға қонымды мөлшерден аспауы керек. Кейде бағдарламаға жүздеген дереккөздер келтіріліп, оларды студенттердің қайдан алу керек екендіктерін авторлардың өздері білмейді, сондықтан мұндай мәселе болмау керек.

Әдебиеттер тізімі оларға қойылатын талаптарға сай ресімделуі қажет.

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 30.09.2013ж.	Төртінші басылым
	Оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы (Syllabus) туралы ереже	Р ҚМПИ 25	Беті: 7

Қосымша А

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты
_____ факультеті
_____ кафедрасы

«Бекітілді»
Факультет кеңесінің
«___» _____ 20__ ж. № ___ хаттамасы
Кеңес төрағасы _____

СИЛЛАБУС

пән атауы _____

мамандығы _____

оқу түрі _____

кредит саны _____

	Оқу түрі				
	күндізгі		сырттай		
	жалпы орта білім деңгейінде (оқу мерзімі 4 жыл)	қысқартылған техникалық және кәсіптік орта білім деңгейінен кейінгі (оқу мерзімі 3 жыл)	жалпы орта білім деңгейінде (оқу мерзімі 5 жыл)	техникалық және кәсіптік орта білім деңгейінен кейінгі (оқу мерзімі 3 жыл)	жоғары білім деңгейінде (оқу мерзімі 2 жыл)
ОЖЖ бойынша сағаттар саны					
Оның ішінде:					
дәрістер					
практикалық (семинарлар)					
зертханалық					
СОӨЖ					
СӨЖ					
Емтихан (семестр)					

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 30.09.2013ж.	Төртінші басылым
	Оқу пәнінің жұмыс бағдарламасы (Syllabus) туралы ереже	Р ҚМПИ 25	Беті: 8

Пәннің бағдарламасы

(Т.А.Ә., қызметі, ғылыми атағы, дәрежесі)

негізінде дайындалған

Кафедраның отырысында қарастырылған және ұсынылған

Хаттама № ____ « ____ » _____ 20__ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Т.А.Ә.

Факультеттің әдістемелік бюросымен келісілген

Хаттама № ____ « ____ » _____ 20__ ж.

Төрағасы _____ Т.А.Ә.

Қайта бекіту туралы мәліметтер

№	оқу жылы	силлабустағы өзгерістер туралы мәліметтер	қайта бекіту туралы кафедра отырысының күні мен хаттамасының №	кафедра меңгерушісі нің қолы